| Тобы | **Ортаңғы «Еркетай» тобы -перспективалық жоспар** | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы мен айы | **Мамыр // 2021-2022** | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | ***Денсаулық*** | ***3*** | ***Қатынас*** | ***2*** | ***Таным*** | ***2,5*** | ***Шығармашылық*** | ***3*** | ***Әлеумет*** | **0,5** |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | Вариативті компонент Ертегі әлемінде | 1 | | | | | | |
| **Бейбітшілік қорғанында (1-апта)** | | | | | | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларды Отан қорғаушылардың әскери қызметінің негізгі мәнімен таныстыру; дабылдың қағуын, марштың ырғағын естіген кезде ырғақты адымдау қимылдарын жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу. | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Барабан дабылы"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіруге жаттықтыру; | | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары."<br>Мақсаты: балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, дауылпаз музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды | | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Жауынгерлер сапқа тұрды"<br>Мақсаты: балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін жетілдіру; "санына сай", "саны қанша, сонша", "қасиеті бірдей, саны айрықша заттарды екіге тең бөлу" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; жауынгерлер қызметі туралы жалпы мағлұмат беру.<br><br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Шерудегі көліктер"<br>Мақсаты: балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір | | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Әскери көлік"<br>Мақсаты: балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын салуға жаттықтыру; сопақшаның үстінен тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету; Отан қорғаушылар күні жөнінде түсініктер беру, әскери көліктің жай көлікпен ұқсастықтары барына көңіл аударып, білімдерін | | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Әскер"<br>Мақсаты: балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Соқ, барабан!"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Соғамын барабанымды" | беру. Балалардың артикуляциясын [п], [б] дыбыстарын айту арқылы жетілдіру, тілін, есте сақтау, фонематикалық есту қабілетін дамыту; ересектің үлгісі бойынша өз әрекеттерін түсіндіру іскерлігін қалыптастыру. Балалардың қоршаған заттардың шығаратын дыбыстары әлеміне деген байқағыштығын тәрбиелеу. | жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; өз құрылысының нәтижесін топтас балалардың жұмыстарына қарап, тексеру қабілетін қалыптастыру; көліктің адам өміріндегі алатын орны туралы ұғымдар беру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Күн шуағы"<br>Мақсаты: балаларға жер бетінде тіршілік пен бейбітшілік болуы үшін Күннің қажеттігі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; ауа-райын бақылау арқылы маусымдық өзгерістерді байқап, ажырата білуге үйрету; бейбітшілік туралы түсінік беру. Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін, ойлауын дамыту. | тиянақтау. Қарындаш арқылы қағаз бетіне үлкен пішін салу техникасын, доғалы сызықты жарты дөңгелек пішініне айналдыру амалдарын қалыптастыру.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: "Дауылпаз дабылы"<br>Мақсаты: балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: "Жеңіс күнін тойлаймыз"<br>Мақсаты: балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биді жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын | қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыру іскерліктерін жетілдіре отырып, тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. | | | тез ауыстыра білу дағдысына үйрету. | |
| **Вариативті компонент** | **-** | **Вариативті компонент**<br>**Қатынас**<br>**Ертегі әлемінде**<br>**Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау.**<br>**Мақсаттары:**<br>а) Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау.<br>Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс | **-** | | **-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасау дағдысын дамыту.<br>ә) Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, көңіл-күй әсерін білдіре отырып, сезіндіріп көрсету. | | | |
| | | | | | |
| **Табиғаттың гүлденуі (2-апта)** | | | | | |
| | **Мақсаты:** балалардың көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Көктемгі гүлдер"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; команда бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Көктем жұмбақтары сөздік жаттығулары"<br>Мақсаты: балаларды затттардың мазмұнын сипаттаушы формасы, жұмбақтармен таныстыру, заттардың не құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттері жөнінде білімдерінің аясын кеңейту. Балаларды жұмбақ жасыру техникасына машықтау, сөзбен белгілі заттың, құбылыстың қасиетін айта білу білігін қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін, ақыл-ойды, есте | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Бау-бақшаны гүлдендірейік"<br>Мақсаты: балалардың "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны аз", "саны көп" ұғымдары туралы түсініктерін толықтыру; көктемнің гүлдері мен жәндіктері туралы білімді жетілдіру. Балалардың екі тең немесе тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруде жаттықтыру; заттар топтамасының біріне саны бір затты қосып немесе алып тастап, екі топтаманы өзара тең ету, топтаманың бірін аз немесе көп ету тәсілдерін жетілдіру; салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеп отыруға үйрету; зейінді, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Аялайық бақбақты!"<br>Мақсаты: балалардың табиғаттың гүлденуі туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; бақбақ гүлдері жайлы білімдерін кеңейту; көктемде пайда болатын гүлдерді байқап, ажырата білуге үйрету; табиғаттың адам өмірінде | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Дала гүлдері"<br>Мақсаты: балаларды дымқыл құм бетіне алақанды батырып, гүлге ұқсас іздер қалдыруға үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуға жаттықтыру; құммен жұмыс жасау ережелерін қайталау; көктемде жер бетіне өсіп шығатын гүлдер туралы түсініктер беру. Алақанмен дымқыл құм үстіне нақтылы із қалдыру, саусақпен гүлдің сабағын, жапырағын салу техникасына дағдыландыру.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: "Табиғаттың сәні – гүл"<br>Мақсаты: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; команда бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Гүлдей жайнап бәріміз"<br>Мақсаты: балаларды команда бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; қимыл жаттығуын жасауда шыдамдылығы мен белсенділіктерін арттыру.<br><br>**Дене шынықтыру** | сақтау, елестету қабілетін дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Күміс жаңбыр"<br>Мақсаты: балаларды М. Мұхановтың "Күміс жаңбыр төгілді" өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстарды сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; көркем сөздерді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; табиғаттың гүлденуі туралы ұғымдарын кеңейту. Өлең шумақтары арқылы балалардың зейіні мен тілін, ойлауы мен есте сақтау қабілетін, шығармашылығын дамыту. Балалардың көктемгі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынас пен | алатын маңызы туралы түсінік беру. Балалардың көктемде өсетін гүл атаулары арқылы көзбен қабылдау және фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін, ойлауын дамыту. | көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен қою және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Кемпірқосақ"<br>Мақсаты: балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақ түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау. Ермексазды есу техникасын жетілдіру, өзге балалардың мүсінделген таяқшаларының мөлшерімен сәйкестеу біліктерін қалыптастыру; зейінді, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тақырыбы: "Көркі ғажап көктем" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; команда бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіру іскерліктерін жетілдіре отырып, жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын, оқу қызметін пысықтау. | әсемдік әдебіне тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Во поле береза стояла" Мақсаты: учить воспринимать русскую речь, отвечать на вопросы о березе; учить четко проговаривать стихотворные строчки на русском языке, согласуя во фразах окончания слов в уменьшительно-ласковой форме, а также соглясуя движения с ритмом в строках и ритмом мелодии. Развивать артикуляционный аппарат, слуховое и зрительное восприятие; развивать основы диалогической речи, мышление, память, умение проявлять положительные эмоции. Воспитывать интерес к художественному слову, мелодике слов, основам | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | эстетического вкуса. | | | |
| **Вариативті компонент** | **-** | **Вариативті компонент** **Қатынас** Ертегі әлемінде **Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат.** **Мақсаты:** «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына үйрету | **-** | **-** | |
| | | | | | |
| **Көктемгі егістік (3-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларды көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Зырылдайды трактор" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру | **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Бір-бидай бес қап" ертегісін әңгімелеу. Мақсаты: балаларды "Бір бидай – бес қап" атты ертегі мазмұнымен таныстыру, | **Математика негіздері** Тақырыбы: "Құлыншақтарға сыйлық" Мақсаты: балалардың бірдей не бірдей емес заттардың саны екіге тең бөлінетіні туралы түсініктерін тиянақтау; үй жануарларына күтім жасау амалдары туралы мағлұмат беру. Балалардың заттардың пішіндері мен түстеріне қарап, бастапқы санға сай, саны сонша затты тұстастырып, | **Сурет салу** Тақырыбы: "Бұлттар" Мақсаты: балаларды қағаз бетін боршалар мен гуашь бояуы арқылы салынған сопақ және дөңгелек пішінді бұлттар бейнелерімен толтыруға үйрету; боршалармен салынған бұлттар сұлбасын сорғышпен | **Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: "Балабақша ауласындағы ағаштар" Мақсаты: балалардың балабақша ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың пайдасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; құрсауға секіру және құрсаудан секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; құрсауға секіру және құрсаудан секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Шаршағанымызды басайық"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру | адамның жақсы қасиеттері жөнінде мағлұматтар беру, адам еңбегінің маңызы туралы ұғымдар негіздерін қалыптастыру. Балалардың мәтінді тыңдап, қысқаша ой түйіндеу қабілетін қалыптастыру, елестету, есте сақтау мүмкіндіктерін, байланыстыра сөйлеу қабілетін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Балалардың аңдардың тіршілігіне, адамның еңбегіне қызығушылықтарын қалыптастыру, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | салыстыру тәсілдерін жетілдіру; заттарды тең екі топқа бөлу үшін, әрқайсысын бір-біреуден екі жаққа, екі бөлек қатарға жинау дағдыларын жетілдіру; сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Құлыншақ"<br>Мақсаты: балаларды дөңгелек пішінді қағазды тең, екі жарты бөлікке бүктемелеу амалына бейімдеу; құлыншақ бейнесін қарындашпен жалын, көздерін, аузын салу арқылы толықтыруға дағдыландыру; жұмыс нәтижесі сапасын ойын арқылы тануға үйрету; үй жануарлары тіршілігі жөнінде ұғымдарды арттыру. Балалардың қолдың ұсақ моторикасын қағазбен құрастыру іскерліктерін жетілдіру арқылы дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Жаңбырдың пайдасы"<br>Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; ауа райын бақылау кезінде маусымдық өзгерістерді байқап, жаңбырдың жаууының ерекшеліктерін бақылай білуге үйрету; көктемгі егістік туралы түсінік беру. Балалардың жансыз табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен логикалық пайымдауын, шығармашылығын дамыту. Балалардың жаңбырдың пайда болуы | ақ бояуға жақпалап, бояп, үлпілдек сипатына жету амалымен таныстыру; бұлттар мен жаңбырдың пайда болуы туралы табиғат құбылысын түсіндіріп, негізгі ұғымдарды қалыптастыру. Қағаз бетін дөңгелек және сопақ, үлкен және кішкентай пішіндермен, бір-біріне тиістірмей, орналастыру техникасын жетілдіру; пішіндер аясын сорғышпен жақпалап, бояу барысында тазалықты сақтау амалдарына зейін салу; көзбен пішінді қабылдау, елестету және қиялдау мүмкіндіктерін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: "Бидай"<br>Мақсаты: балаларды көңілді әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету. | туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру; көктемгі егістік туралы ұғым беру. Балабақша ауласындағы ағаштар туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын, шығармашылығын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту; гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығу іскерліктерін жетілдіру; құрсауға секіру және құрсаудан секіруге дағдыларын қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Егіншілік"<br>Мақсаты: гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығуға іскерліктерін дамыту; құрсауға секіру және құрсаудан секіруге жаттықтыра отырып, саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. | | ерекшеліктеріне қызығушылықтарын арттыру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Дән терейік"<br>Мақсаты: балаларды көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білу қабілетін дамыту; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен қою және жеңіл адыммен өзін айнала адымдай білу қабілеттерін қалыптастыру. | |
| **Вариативті компонент** | - | **Вариативті компонент** | - | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қатынас**<br><br>**Ертегі әлемінде**<br><br>**Тақырыбы: Ертегі елі жермен келе жатыр.**<br>**Мақсаты:**Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету, тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру | | | |
| | | | | | |
| **Жайдары жаз келді! (4-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларды жаз мезгіліне тән табиғат құбылыстары жайлы білімдерін толықтыру; жазғы ойындарға қуанышпен қатысуға мүмкіндіктер жасау. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Шынығамыз жазда"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; орнынан ұзындыққа секіруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Кемпірқосақ суретімен танысу"<br>Мақсаты: балаларды табиғат құбылысы кемпірқосақ бейнесімен таныстыру, кемпірқосақ жөніндегі ұғымдар аясын кеңейту, қоршаған объектілердің түстері туралы білімдерді пысықтау. Балалардың көзбен көру, көргенді сөзбен айту, | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Балабақшаның қызықтары"<br>Мақсаты: балалардың заттардың кеңістікте орналасу орындары және заттардың шама қасиеттері туралы түсініктерін нақтылау; ойын-сауық әлемі туралы түсінік аясын кеңейту. Балалардың белгілі бір кеңістікте орналасқан заттарды көріп, орнын тауып, атау қабілетін қалыптастыру; ұзындығы, ені әртүрлі және бірдей заттарды тұстастырып, беттестіріп, өздігінен салыстыру дағдыларын жетілдіру; ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Жаз кереметтері"<br>Мақсаты: балаларға жаз кереметтері туралы негізгі ұғым беру; жаз кезіндегі жанды және жансыз табиғат нысандары | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Күлімдеген балалар"<br>Мақсаты: балаларды асфальтта түсті боршалармен адам бетінің пішінін салуға үйрету; дөңгелек көздер мен доғалы ауызды нақтылы салып, адамның жақсы көңіл-күйде болғанын жеткізуге жаттықтыру; өз суретінде кімді салғанын, көңіл-күйін айтуға машықтау; адам мимикасының түрлері, ерекшеліктері туралы ұғымдар қалыптастыру. Түсті боршамен асфальтта сурет салу техникасын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен көру арқылы пішін мен түстерді қабылдау, зейін | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; орнынан ұзындыққа секіруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын жасауға қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Жадырайды жанымыз"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қайталау; жүріп келе жатып белгі бойынша | сәйкестеу қабілеттерін жетілдіру, тілін, ой-қиялын, түйсігін, жағымды эмоцияларын дамыту. Балалардың ересекпен, топтастарымен еркін ойлы, эмоционалдық, тілдік қатынастарға түсу қабілетін дамыту, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Өсімдіктер мен кемпірқосақ"<br>Мақсаты: балаларды "Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету; жайдары жаз туралы ұғымдарын кеңейту. Қызықты | туралы білімдерін кеңейту; жазғы ауа райының өзгерістерін байқап, ажырата білуге үйрету; жайдары жаз туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың жазғы табиғат құбылыстарын көзбен қабылдауда танымдық және зерттеушілік іс-әрекет дағдылары мен қиялын, есте сақтау қабілеті мен зейінін, ойлауын дамыту. | мен елестету қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: "Алақай, жаз келді!"<br>Мақсаты: балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>**Жапсыру**<br>Тақырыбы: "Қошақаным қайда екен?"<br>Мақсаты: балаларды қағаз бетінде маркермен салынған қошақан сұлбасын қағаз түйіршіктерімен толтырып, жапсыруға үйрету; табиғи материалдың бірі қағаздың қасиеттері жөнінде түсініктерді арттыру; жаздың негізгі құбылыстары жөнінде ұғымдарды толықтыру. Қағаз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоқтау және отыру іскерліктерін жетілдіру; орнынан ұзындыққа секіруді қайталау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; орнынан ұзындыққа секіру іскерліктерін жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Шомыламыз мәз болып"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін пысықтау; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыру іскерліктерін жетілдіре отырып, | ертегі желісі арқылы балалардың зейіні мен тілін, ойлау қабілетін және есте сақтауын дамыту. Оқу қызметі барысында өзара жолдастық қарым-қатынасты сақтай білуге, адамгершілік ережелері мен ізгілік әдебіне тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Времена года.Лето"<br>Мақсаты: учить понимать русскую речь, а также слова, содержащиеся в сказке «Маша и Медведь»; запоминать часто повторяющиеся стихотворные сроки, слова героев, составлять простые сочетания слов на тему «Лето». Развивать умение артикулировать слова героев сказки «Маша и Медведь»; развивать слуховое восприятие речи в целом по теме «Лето», слуховую память, зрительное | | сүлгінің бір шетінен жыртып алып, мыжып, саусақтармен түйіршіктеп, қошақан сұлбасындағы белгілі орынға жапсыру арқылы қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру; баланың тілін, ой-өрісін, елестету мүмкіндіктерін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнынан ұзындыққа секіруді қайталау; оқу қызметін пысықтау. | восприятие, мышление, умение проявлять положительные эмоции. Развивать чувство радости от наблюдаемых событий в сказке, явлений в природе; развивать интерес к словесному творчеству. | | | |
| **Вариативті компонент** | **-** | **Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат. Мақсаты:** «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына қалыптастыру. | **-** | **-** | |
| | | | | | |